

**«Атырау облыстық қан орталығы»  
Шаруашылық Жүргізу Құқығындағы  
Коммуналды Мемлекеттік  
Кәсіпорнының**

**2018 жыл мен 2017 жылдың  
салыстырмалы жұмыс есебі ,**

**алдағы мақсаттар және оның  
орындалуына бағытталған  
іс-шаралар бағдарламасы.**

1. ҚР ДСМ 2011 жылғы 30 желтоқсан № 931 «Қан қызметі саласындағы қызметті жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдары туралы ережені бекіту туралы» бұйрығына сәйкес, Атырау облыстық қан орталығы IV санаттағы кәсіпорын болып табылады.
2. Атырау облыстық қан орталығы 2018 жылдың шілде айынан бастап Шаруашылық Жүргізу Құқығындағы Коммунальдық Мемлекеттік Кәсіпорын (ШЖҚ КМК) болып қызметін жалғастыруда. Мекемеде байқау кеңесі құрылып, мүшелері тағайындалды.
3. Қазіргі таңда Атырау облысының қан орталығы Атырау қаласының 9 және 7 аудандық денсаулық сақтау ұйымдарын қан препараттары және компоненттерімен қамтамасыз етеді. Көшпелі бригадалар күн сайын кәсіпорындарда, ұйымдарда, Атырау қаласының оқу орындарында және облыстың елді - мекендерінде донорлық қан дайындауды жүргізеді.

- Қан орталығы – донорларды жинақтау бөлімі, қан дайындау бөлімі, қан тестілеу бөлімі, ИФА және ПТР зертханасы, бактериологиялық зертхана, сапа бақылау бөлімі, орталық залалсыздандыру бөлімі, және экспедиция бөлімдерінен тұрады.

- 4. Донорлар үшін барлық қолайлы жағдай жасалған.

Жылдан-жылға қан орталығының материалдық-техникалық базасы тұрақты түрде жақсартылуда: тоңазытқыш жабдықтар толығымен ауыстырылған, зертханалар жоғары технологиялық құралдармен жабдықталған, сондай-ақ қанды дайындау және қайта өңдеу бөлімшелері қажетті медициналық құралдармен 100%-ға қамтамасыз етілген.

## ҚАН ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ӨНДЕУГЕ ЖҰМСАЛҒАН ҚАРАЖАТ ШЫҒЫНДАРЫ.

- Жалпы 2017 жылы бөлінген қаражат 467089,2 млн теңгені құрап, толықтай игерілді.
- 2018 жылға - 429 196,0 млн теңге қаражат бөлініп, барлығы толығымен игерілді. Бөлінген қаражаттың ішінде донор қоректендіруге 2017 жылы -4330,0 млн теңге бөлінсе, 2018 жылы 4449,7 млн теңге бөлінді. Қан тапсырған донорларға ақшалы өтемге 2017 жылы- 2850,0 млн теңге бөлінсе, 2018 жылы – 3112,2 млн теңге бөлінді.



# ДОНОР ЖИНАҚТАУ КӨРСЕТКІШІ

	2018 ЖЫЛ	%	2017 ЖЫЛ	%
Донор қатарына тартылуы	9031	-	9345	
Донор қанын тапсырғандары	6218	79	7386	89
Қан тапсырмастан бұрын донорлықтан шеттетілгендері	2813	21	1959	21
Оның ішінде: ақысыз қан тапсырғандары	5271	94	7004	96
Ақылы қан тапсырғандары	369	6	382	4
Жылжымалы жағдайда қан тапсырғандар саны	578	9	1065	152

## ІРІКТЕУГЕ БАЙЛАНЫСТЫ ДОНОРЛАРДЫҢ ДОНОРЛЫҚТАН ШЕТТЕТІЛУ.

- 2018 жылы 6218 донация болса, оның 2813 донациясы шеттетілді, ол 21 % құрады. 2017 жылы қан тапсырған донорлардың саны- 7386 донация болса, соның 1959 донациясы шеттетілді. Ол 21 % құрады. Соның ішінде 2018 жылы инфекциядан шеттетілгендер 237 донация, ол 42 % құраса, 2017 жылы 323 донация, ол 34 % құрады. Және басқа жағдайда шеттетілгендер -2018 жылы- 315 донация, ол 57 % құрады. 2017 жылы 625 донация, ол 65,9 % құрады. Донорлықтан шеттетілу себебі: донорлардың дайындықсыз келуінен, емдеу-сауықтыру мекемелері дәрігерлерінің толық мәнді түсіндіру жұмыстарының жүргізбеуіне байланысты болып отыр.

○



## ДОНОРЛАР ЖИНАҚТАУ

- Қан және қан компоненттерінің қауіпсіздігіне ерекше талаптар қойылады.
- Қан иесі - донор болып табылады. Донорларды негізгі қамтамасыз ету облыстық денсаулық сақтау ұйымдары болып табылады. Денсаулық сақтау ұйымдарының сұранысы негізінде жыл басында қан және оның компоненттеріне қажеттілігі бойынша сұраныс жиналып, жоспар құрылады. Өз кезегінде облыстық қан орталығы облыстың 16 медициналық ұйымын қан өніміне қажеттілігін толықтай қамтамасыз етіп келеді. Көшпелі жағдайда қан дайындау қазіргі заманғы мамандандырылған жылжымалы автокөлікте жүзеге асырылады.

ЕСМ атауы	Жоспар		Орындалуы		%	
	2018 ж	2017 ж	2018 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2017 жыл
Обл.аурухана	1793	1200	1221	1305	68,09 %	108 %
Обл.балалар ауруханасы	312	392	503	605	161 %	154 %
Обл.перинатальдық орталық	877	1500	1165	1302	132 %	86,8 %
Қалалық перзентхана	448	254	60	60	13,3%	23,6 %
Обл.туберкулезге қарсы диспансері	107	20	24	49	22,4%	245%
Обл.онко.дисп.	136	500	113	76	83%	15,2 %
Облыстық аурухана №2	234	200	214	251	91,4 %	125 %
АҚ «Теміржол ауруханасы»	292	300	424	381	145	127 %
Обл.кардиологиялық орталық	390	220	61	169	16%	76,8 %
№1 емхана	40	40	-	2	0 %	5 2,5%
№2 емхана	40	40	7	6	17,5%	15 %

<b>№3 емхана</b>	40	40	4	23	10 %	57,5 %
<b>№4 емхана</b>	40	40	1	4	2,5	10 %
<b>№5 емхана</b>	40	40	3	3	7,5%	7,5 %
<b>№7 емхана</b>	40	40	16	21	40 %	52,5%
<b>Геолог емханасы</b>	40	40	8	62	20%	155 %
<b>Жұмыскер СДА</b>	40	24	-	-	-	-
<b>ЖШС « Сәлімжан»</b>	40	40	21	32	52,5 %	80 %
<b>Құрманғазы АОА</b>	58	100	-	1	0 %	1 %
<b>Махамбет АОА</b>	97	50	-	50	0%	100%
<b>Жылыой АОА</b>	107	50	158	70	147%	140%
<b>Индер АОА</b>	58	60	26	10	45%	16,6%
<b>Дсатай АОА</b>	58	60	-	-	-	-
<b>Мақат АОА</b>	78	60	52	-	52	-
<b>Жылжымалы жағжайда</b>	1000	1000	578	1194	57,8%	119,4%

# ҚАН КОМПОНЕНТТЕРІНІҢ ДАЙЫНДАЛУ КӨРСЕТКІШІ

- 2018 жылы мемлекеттік тапсырыс - 7000 донация жоспарланды. Орындалуы- 6218 донация болып, 89% құрады. 2017 жылы мемлекеттік жоспар – 7000 донация қаралды. Орындалуы-7386 донация болып, 105,5 % құрады. Осы жоспарды орындау үшін Атырау облыстық қан орталығына күнделікті 20-80 донор келіп, 20-40 л қан тапсырады. Дайындалған қан компонентінің ішінен жарамсыз болып табылғаны 2018 жылы 552 доза (9 %), 2017 жылы 951 доза (12,0 % құрайды). Таза өңделген қан 2018 жылы 5666 донация, 2017 жылы 6435 донацияны құрады.
- Осы дайындалған қаннан 2018 жылы 13722 доза қан компоненті болса, 2017 жылы 14640 доза дайындалды.

○



- **Жаңа мұздатылған аферезді вирустартылған плазма** – 2018 жылы 722 доза 11,5 %-ды құрады. 2017 жылы орындалғаны – 682 доза, яғни 9,5 %-ды құрады.
- **Жаңа мұздатылған лейкофилтрленген плазма** - 2018 жылы орындалғаны - 5532 доза, ол 89 % құрайды. 2017 жылдың орындалғаны 5733 доза, ол 77,6 % құрайды.
- **Жаңа мұздатылған карантинделген плазма** - 2018 жылы орындалғаны – 2596 дозаны құрап , барлық өңделген компоненттің 49,7 % құрады. 2017 жылы орындалғаны - 2633 доза , ол барлық өңделген компоненттің 45,4 % құрады.

- **Лейкофильтрленген эритроциттік жүзінді** - 2018 жылы орындалғаны- 4290 доза, ол 70,5 % құрайды. 2017 жылы орындалғаны 4550 доза, ол 70,4 % құрайды.
- **Лейкофильтрленген эритроциттік масса** – 2018 жылы 1425 доза, ол 23,4 % құрайды. 2017 жылы орындалғаны- 462 доза, ол 7,15 % құрайды.
- **Лейкофильтрленген жуылған эритроциттік масса**- 2018 жылы орындалғаны- 370 доза дайындалды, ол 6,09 %-ды құрайды. 2017 жылы орындалғаны - 274 доза, ол 4,24 %-ды құрап отыр.
- **Вирустазартылған тромбоциттік жасуша** – 2018 жылы орындалғаны- 512 доза дайындалып, ол 100 %-ды құраса, 2017 жылы - 292 доза, ол 57,3 %-ды құрайды.
- **Мүздатылған криопринципитат**- 2018 жылы орындалғаны- 883 доза , ол 100 % құрайды. 2017 жылы орындалғаны – 1004 доза , ол 100 % құрайды.

# ТРОМБОЦИТОФЕРЕЗ MCS+ АППАРАТЫМЕН ДАЙЫНДАЛУЫ. 2 АППАРАТ АРҚЫЛЫ ЖҰМЫС ЖАСАЛУДА.


	2018 ЖЫЛ	2017 ЖЫЛ
Тромбоцит концентраты Соның ішінде:	512	509
- вирустазартылған тромбоцит концентрат аферезді лейкофильтрленген	512	292


**ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ҰЙЫМДАРЫН ҚАН КОМПОНЕНТТЕРІМЕН**  
**ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БАҒЫТЫ.**

Компонент атауы	2018ж, доза	2017 ж доза
Эрмасса	1	67
Лейкосүзілген эрмасса	1222	1038
Эритроциттік жүзінді	0	44
Лейкосүзілген эритроциттік жүзінді	3477	2877
Шайылған лейкоcүзілген эритроцит	366	427
Тромбоцит концентраты	0	93
Аферездік лейкоcүзілген вирустазартылған тромбоцит концентраты	512	292
Жаңа мұздатылған плазма карантинделген	5	902
Жаңа мұздатылған лейкоcүзілген плазма карантинделген	1834	576
Жаңа мұздатылған вирустазартылған плазма	50	82
Криопреципитат карантинделген	883	876
10%.альбумин ерітіндісі	126,0	119,9
Лейкомасса	19	36
<b>Барлығы:</b>	<b>8495</b>	<b>7429</b>

## «ИНФО ДОНОР» БАҒДАРЛАМАСЫ

- Қазақстан Республикасы Президенті Н.Назарбаевтың «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасын орындау мақсатында орталыққа **«Инфо донор»** бағдарламасын енгізуге Атырау облыстық денсаулық сақтау басқарма басшысының қолдауымен **«Инфо донор»** ақпараттық бағдарламасын енгізілген. Қазіргі уақытта қан донациясы және оның компоненттерінің қауіпсіздігін және сапасын қамтамасыз ету үшін қан қызметінде міндетті болып табылады. Бағдарлама келесі мүмкіндіктерді береді:
- донорлыққа қарсы көрсетілімдері бар донациялар мен тұлғаларды, донорлар туралы орасан зор ақпаратты басқаруға және сақтауға басқа да қан орталықтарымен ақпаратты өзара алмасуды жүзеге асырады.





- «**Инфо- донор**» ақпараттық бағдарламасы арқылы қауіпсіз донорлықты қалыптастыру мақсатында донорды тіркеу кезінен бастап донорлық қан компоненттерін медициналық ұйымдарға бергенге дейін донорлық қан туралы ақпаратты алуға мүмкіндік беріп, дайындалатын қан компоненттерінің дозаларын штрих-кодтау технологиясы қолданылады. Жеке төлқұжатыңыздың келесі бетінде орналасқан чип арқылы тез мәлімет алынады. Бұл уақыт үнемдеп, тіркелу және рәсімдеу жұмыстарын оңай атқаруға мүмкіндік береді. Оңтайлы да тиімді ақпараттық жүйе донорды тіркеп, донор туралы ақпаратты бірер секунд ішінде анықтап береді.

## КАДР МӘСЕЛЕСІ.

- Кәсіпорынның штаты – бұл қазіргі заманғы әдістермен қанды дайындау, өңдеу және диагностика жасауды иеленген жоғары білікті қызметкерлер. Барлық медицина қызметкерлерінің маман сертификаттары бар. Дәрігерлер мен орта буын медицина қызметкерлер біліктілікті арттыру оқуларынан үнемі өтіп тұрады.
- Атырау облыстық қан орталығында барлығы 120 лауазым бекітілген. Олардың 116,25 қамтылған. Соның ішінде, дәрігерлер саны - штат бойынша - 19,75%, жұмыспен қамтылғаны -16 %, жалпы дәрігерлер саны- 11, жинақтылығы-55,7 %-ды құрайды. Дәрігерлердің санаттылығы: жоғары санатты-1, 1-ші санаттағы -3 дәрігер. **Санаттылығы- 36 %-ды** құрайды.

- Орта буын медицина қызметкерлері: штат бойынша-53,0, жұмыспен қамтылғаны-53,0, жалпы орта буын қызметкерлердің саны- 47 . Жинақтылығы- 88,6 %.
- Жоғары категориялы- 12 қызметкер; 1-ші категория- 8 қызметкер; 2-ші категория-6 қызметкер. Санаттылығы: 55,32 %-ды құрайды.
- Кіші буын қызметкерлері штат бойынша-16,75 , жұмыспен қамтылғаны-16,75 (78 %), жұмысшылар саны -10, жинақтылығы - 60 %.
- Әкімшілік-шаруашылық қызметкерлері штат бойынша-30,5, қамтылғаны-30,5, қызметкерлер - 19. Жалпы жинақтылығы – 62,2%.

# ҰЙЫМДАСТЫРУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСТАРЫ.

- 2018 жылдың сәуір айында Астана қаласында қан қызметі бойынша өткізілген III Еуразиялық Конференцияға орталықтың дәрігерлері қатысты.
- 2018 жылдың маусым айында 14 маусым- «Дүниежүзілік Донор күні» мерекесіне орай «Онлайн-емхана» бағдарламасында құрметті донорлармен қатар орталық дәрігерлері қатынасты.
- 2018 жылдың шілде, тамыз айларында жарық көрген Республикалық қоғамдық-саяси, ақпараттық-танымдық «Мерейлі мекен» журналына мекеменің жұмысы, тыныс-тіршілігі туралы мақала жарық көрді.
- 2018 жылдың 15 маусымда донор жинақтау бөлімінің меңгерушісі Г.Елеусинова «Атырау» газетіне «Донор болу - ізгілікті іс» атты мақала жариялады.
- ҚР Президентінің халыққа Жолдауында көрсетілген «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы аясында жүзеге асқан жоба Атырау облыстық денсаулық сақтау басқармасының қолдауымен Атырау қан орталығына «Инфо донор» бағдарламасы енгізілуіне орай «Қазақстан-Атырау» телеарнасына бағдарлама түсірілді.

- 2018 жылдың қараша айында жергілікті жол-патрульдік полиция қызметкерлерінің қатысуы арқылы “Жол апатынан қайтыс болған құрбандарды еске алу” күніне орай акция өткізілді.
- “Медицина қызметкерлері күні” мерекесіне орай мекеменің бас мейірбикесі Т.Губайдулина **«Денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесі үшін»** төсбелгісімен марапатталды.
- 16 желтоқсан “Тәуелсіздік күні” мерекесіне орай орталық қызметкері «Сенім» Денсаулық сақтау жүйесі жұмыскерлерінің салалық кәсіптік одағының Алғыс хатымен марапатталды.
- Ұжым қызметкерлерінің ұйымдастыруы арқылы орталықта 14 маусым «Дүниежүзілік Донор күні» , «Медицина қызметкерлері күні», 22 Наурыз «Ұлыстың Ұлы күні» мерекелеріне арналған үлкен іс-шаралар өткізілді.



## ҚОРЫТЫНДЫ

- 2018 жылдың қорытындысы бойынша есеп беру кезеңінде қанағаттанарлықтай жұмыс орындалды.
- Емдеу - сауықтыру мекемелерінің сұраныстары 100% көлемде қанағаттандырылды;
- 100% жағдайда трансмиссиялық инфекциялар маркерлеріне донорлық қан үлгілерін екі кезеңдік скрингілеу (антиденелерді+инфекциялық агенттердің антигенін анықтаудың иммунологиялық әдісі мен вирустық РНК/ДНК анықтаудың молекулярлық - генетикалық әдісінің қосындысы) жүргізіледі;
- Денсаулық сақтау ұйымдарына 100% жағдайда қан және оның компоненттері лейкофилтрация, вирусинактивация, карантинизациядан өткізіліп жіберіледі.
- 2018 жылға бөлінген қаражат - **429196,0** мың тенге, соның ішінде 142 ерекшелікке **298453,0** мың тенге бөлінді. Барлығы: 429196,0 мың тенге толықтай игерілді.
- Облыстық денсаулық сақтау басқармасынан **41423,0** млн тенге бөлініп, орталыққа “Инфо донор” бағдарламасы іске қосылды және қажетті құрал-жабдықтар алынды.

- 2018 жылы экспедиция бөліміне төменгі температурада плазмаларды сақтайтын 2 тоңазытқыш, қан дайындау бөліміне асептикалық коннектор, қан өлшейтін таразы, системаларды стерильді түрде жалғауыш (запаиватель), гемоглобин өлшейтін аппарат Нв -20N, биохимиялық анализдерді анықтайтын “Рефлотрон” аппаратымен жабдықталды. Иммуногематологиялық қауіпсіздікті сақтау үшін лейкофилтрлер, вирустазартатын системалар сияқты керекті заттар алынды.
- 2018 жылы облыстық денсаулық сақтау басқармасының аппараттық жиналыс шешімі бойынша, денсаулық сақтау ұйымдардағы реципиенттерді гепатит В мен С инфекциясына тексеру облыстық қан орталығы базасында тексерілуде.

## АЛДАҒЫ ТҰРҒАН МАҚСАТТАР:

- 1. Қан орталығының материалдық - техникалық базасын жақсарту үшін 2019 жылға қажетті реактивпен, реагенттермен және қан орталығына тоңазытқыш, мұздатқыш, гематологиялық анализатор және басқада шығыс материалдарын алуға жұмыстану;
- Қолданыстағы медициналық аппаратуралар 10 жылдан бері жұмыс жасау себебінен, 2019 жылға техникалық байқаудан өткізуге және жөндеуге қаражат бөлінуіне жұмыстану;
- 2019 жылы мекемеге күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу ;
- Мекемені аккредитациялаудан өткізуге жұмыстану;
- «Инфо донор» бағдарламасы жұмысын одан әрі дамытып, ақпараттық жүйе жұмысын алға қарай дамытуға жұмыстану;

- ҚР ДСМ 2010 жылғы 27 қазандағы №850 «Мемлекеттік медицина мекемелерінің аз - шамамен, медициналық техникалармен және бұйымдарымен бекіту туралы» бұйрықтары бойынша денсаулық сақтау ұйымдарындағы қан кабинеттерін керекті құрал-жабдықтармен толықтай жабдықталуына және жауапты мамандардың біліктілігін арттыру үшін оқытуға ықпал етіп, 100% трансфузиолог сертификаттарын алуға және денсаулық сақтау ұйымдары дардың гемотрансфузия жүргізуге лицензия алуына жұмыстану;
- Орталықты кадр мамандарымен толықтырып, жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету;
- Дәрігерлер және орта буын медицина қызметкерлерінің санаттылық дәрежесін көтеруге жұмыстану;
- Қан тапсырғаннан кейін 4 айдан соң донордың карантинге анализ тапсыруға келуін үнемі қадағалап, жаңа мұздатылған плазманың карантиннен шығу көрсеткішін көтеру;

- Ақылы қызметтен түсетін табыс көзін көбейтуге жұмыстану;
- Қан тестілеу бөліміндегі автоматтандырылған иммуногематологиялық анализаторды іске қосуға жұмыстану;
- Бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ) өкілдерімен тығыз байланыс жұмыстарын жүргізу;